

Көкшетау қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № А-11/1923 қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкшетау қаласы әкімдігінің қаулылары қосымшаға сәйкес күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары А.Б.Әміреноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е.Маржықпаев

Күші жойылған нормативтік құқықтық актілер тізімі

1. «2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қазандағы № А-10/1847 қаулысы (Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қазанда № 4423 болып тіркелген).

2. «2014 жылға Көкшетау қаласында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 9 сәурдағы № А-4/647 қаулысы (Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 сәуірде № 4128 болып тіркелген).

3. «2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № А-3/526 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 23 маусымдағы № А-6/1265 қаулысы (Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 шілдеде № 1-1-151 болып тіркелген).

4. «Көкшетау қаласы бойынша 2014 жылға қоғамдық жұмыстарға сұранысты және ұсынысты айқындау, ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олардың қаржыландыру» Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қаңтардағы № А-1/53 қаулысы (Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 ақпанда № 3999 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК